

Топ/сынып: Мектепалды топ «Түймедак» стжд тобы
Балалардың жасы: 5 жастағы балалар
Ақпан айы 2026 жылы

Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері
Дене тәрбиесі	<p>Жалпы дамытушы жаттығулар.</p> <p>Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар: қолды желкеге қою.</p> <p>Саусақтарды айкастырып, алға-жоғары көтеру (қолды сыртқы жағымен ішке қарай бұру). Қолды кезек жоғары-артқа көтеру.</p> <p>Көудеге арналған жаттығулар: Алға қарай еңкейіп, алақанды еленте тигізу;</p> <p>Іштің бұлшық еттеріне арналған жаттығулар: екі бала жұптасып жасайды: Бірінші бала қолын желкесіне қойып, шалқасынан жатып, денесін көтереді, екінші бала оның аяғына отырады (5-6 рет);</p> <p>Арқата арналған жаттығулар: стретчинг элементтері бар жаттығуларды орындау</p> <p>Аяққа арналған жаттығулар: қолды тізеге қойып отырып-тұру</p> <p>Негізгі қимылдар:</p> <p>қолдың бастапқы қалыптарын өзгерте отырып, әртүрлі қарқында секіргіштен аттап жүру;</p> <p>кедергілерден өту арқылы әртүрлі жылдамдықпен жылдам, орташа қарқынмен 1,5–2 минут тоқтамай жүгіру;</p> <p>әртүрлі тәсілдермен құрсаудың ішіне еңбектеп өту;</p> <p>бір аяқпен және қос аяқпен құрсаудан құрсауға секіру</p>

<p>аракашықтықтың 40 сантиметр; допты екі қолымен бір-біріне (аракашықтың 1,5–2 метр) басынан асыра дақтыру;</p>	
<p>әр қадам сайын допты алдынан немесе артынан қолдан-қолға ауыстыра отырып, гимнастикалық скамейка бойымен тепе-теңдікті сақтап жүру; оңға, солға бұрылу.</p>	
<p>Музыкалық-ырғақтық кимылдар. Түзу бағытта адымдап жүруді. Жұбымен шеңбер бойымен жүруді пысықтау.</p>	
<p>Спорттық ойын элементтері: Баскетбол элементтерін үйрету. Кеуде тұсынан екі қолымен допты бір-біріне дақтыру. Допты он және сол қолмен алып жүруге жаттықтыру.</p>	
<p>Қимылды ойындар. Ынта мен шығармашылық танымта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу.</p>	
<p>Дербес қимыл белсенділігі. Балалардың құрдастарымен қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруына жағдай жасау, олардың жарыстар ұйымдастыруға деген белсенділігін қолдау.</p>	
<p>Қыс мезгілінде мұзды жолдармен сырғанауға, шанғымен жүруге,</p>	

хоккей ойындарына, шанамен сырғанауға жағдай жасау.

Сапауатты өмір салтын қалыптастыру.

Өзінің көңіл-күйін сипаттай білуге үйрету. Балаларды дені сау адамның мүмкіндіктерімен таныстыру, олардың сапауатты өмір салтына деген қажеттілігін қалыптастыру.

Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру.

Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзіне-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяқтың жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орнамалды пайдалану, белге дейін дымықыл сүлгімен сүртінуге. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена зағтарын пайдаланудың қажеттілігін түсінуді жетілдіру.

Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдану. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру.

Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі бағалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру.

Сауықтыру-шынықтыру шаралары

танертенгі жаттығуды орындауға қызығушылық тудыру, дене бітімін қалыптастыру және өкшелерді нығайту.

Қазақ тілі

Тілдік дамытушы орта.

Бағалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді қолдануына қолдау көрсету, ынтығаландыру.

	<p>қалыптастыру,</p> <p>олардың ретін білу және атау, цифрблат бойынша уақытты анықтау.</p> <p>Тәулік бөліктерінің ауысуын («кеше», «бүгін», «ерте»), оқиғалардың ретін («алдымен – содан кейін», «бұрын – кейінірек») анықтау.</p>	
<p>Сурет салу</p>	<p>Қазақ ою-өрнектерінің түрлері «құстұмсық», «жашырақ» туралы түсінігін кеңейту, өзіне тән элементтерді пайдалана отырып, оларды құрастыра білуді дамыту.</p> <p>Ою-өрнектермен қазақтың ұлттық киімдерін (орамал, шапан, камзол) салуды, оларды пішіндердің ортасында және шеттерінде орналастыруды үйрету.</p>	
<p>Мүсіндеу</p>	<p>Қазақ халқының тұрмыстық заттарын (көрпет, үстел, ер-тұрман, ошак, кебеже, дірмен), туған өлкедегі мәдени мұра ескерткіштерімен таныстыру, аталған заттардан қалауы бойынша мүсіндеуге мүмкіндік беру</p>	
<p>Жапсыру</p>	<p>Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен (кілем, алаша, сырмақ, ши, көрпе, жастық) таныстыру, аталған заттардан қалауы бойынша қиып жапсыру, оларды ою-өрнектермен безендіруге мүмкіндік беру.</p>	
<p>Құрастыру</p>	<p>Құрылыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру.</p> <p>Құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу.</p> <p>Қағаздан құрастыру.</p> <p>Пішіндердің түрлі қалыптарын бере білуді, оларды күрделі емес композицияларға біріктіруді қалыптастыру.</p> <p>Ұжыммен сюжетті құрастыруға баулу.</p> <p>Шығармашылық ойлауды және қиялды дамыту. Қағаздан құрастыру әдістерін қолданып, жазық материалды көлемді пішінге өзгерте білуді бекіту</p>	

	<p>Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру.</p> <p>Табиғи (ағаш, мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, маға, дәннің түрлері) және қалдық заттардан құрастыруға баулу.</p>
Музыка	<p>Музыка тыңдау.</p> <p>Қазақ халық аспаптары: домбыра мен кобыз үнінің тембрлік ерекшеліктерімен, «күй» жанрымен, күйші-композиторлар: Құрманғазының шығармаларымен таныстыру. Қазақ халқының әндері мен би әуендерінің үздік үлгілерін тыңдауға баулу.</p> <p>Ән айту.</p> <p>Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар.</p> <p>Би қимылдарын: қосалқы және ауыспалы қадам жасауды, әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгеру.</p> <p>Билер.</p> <p>Қазақ халқының би өнерімен таныстыру, қазақтың халықтық би өнері ерте заманнан қалыптасқандығын, ол халқымыздың аса бай ауыз әдебиетімен, ән-күйлерімен, дәстүрлі тұрмыс салтымен біге қайнасып келе жатқан ел мұрасы екенін, би өнері өзінің эстетикалық болмысында қазақ жұртының жалпы дүниетанымына сай арман-мұраттарын бейнелейтін қимылдар жүйесін құрайтынын түсіндіру.</p> <p>Би шығармашылығы.</p> <p>Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару, мәтінге сәйкес әнді сахнадау; шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру.</p>

	<p>Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау.</p> <p>Музыкалық туяқтас және шулы аспаптарда ойнау тәсілдерімен таныстыру.</p>	
<p>Қоршаған әлеммен таныстыру</p>	<p>Табиғатпен таныстыру</p> <p>Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту. «Өлі табиғат» ұғымымен таныстыру (су, ауа, мұз сүңгілері, күн, бұлт, қар, тастар, жел, жанбыр); өлі табиғат заттарын адамның қолымен жасалған заттардан ажырата білу.</p> <p>Тірі және өлі табиғат, табиғат құбылыстары (маусым, өсімдік, адам еңбегі) арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және түсіну.</p> <p>Балалардың зерттеу әрекеті үшін жағдай жасау, табиғатпен таныстыру</p> <p>барысында заттар мен құбылыстардың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылау, талдау, салыстыру, ажырату.</p> <p>Адам өмірі үшін судың, құмның, күн, ай сәулесінің, саздың, тастардың маңызын түсіну.</p>	